ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 тамыз №4360-24-00-2/1654 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта Б.Б.Уалихан болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР:
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қызылорда облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі
«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.А.Пернебек
талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының өкілі Б.С.Усенов

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024

талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының өкілі А.У.Манасипова
талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының өкілі Н.Ж.Кенжебекова
жауапкердің өкілі Д.Г.Арынов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 29 қаңтарында, 15 мамырында «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) №051-2024 және №151-2024 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарын жасаған.

2024 жылдың 15 қаңтарында «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) №11 және №12 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарын жасаған.

2024 жылдың 27 ақпанында «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) №113 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарын жасаған.

Шарттардың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер «Қауіпті қалдықтарды/мүлікті/материалдарды шығару (жинау) бойынша» қызметті шарт күшіне енген күннен бастап жыл аяғына дейін көрсетуге міндеттенген.

Үшінші тұлға «Қызылорда облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесінің заңдылықтың бұзылуын жою туралы 2024 жылғы 21 маусымдағы №2-10-24-05530 ұсынуына сәйкес, жауапкердің Қызылорда облысы аумағында өндірістік нысаны және медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға арналған құрылғылар орналаспағаны, осыған сәйкес аталған Өнім берушімен Қызылорда облысы аумағында медициналық қалдықтарды басқару бойынша қызметтерді көрсетуге лицензиясының және атмосфералық ауаға арналған эмиссиялар үшін экологиялық рұқсат құжаттары рәсімделмегені анықталған.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024
4360-24-3-1/1717

Талап қоюшылар жоғарыда көрсетілген талап қоюларымен сотқа жүгініп, жауапкер Шарттар бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және шарттарды бұзу туралы талап қоюларымен сотқа жүгінген.

Соттың 2024 жылғы 19 шілдедегі ұйғарымымен үш талап бір өндіріске біріктірілген.

Соттың 2024 жылғы 27 тамыздағы ұйғарымымен талап қоюлардың Шарттарды бұзуды сұраған бөліктері дауды алдын ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі сақталмауына байланысты қараусыз қалдырылды.

Жауапкер қарсы пікірлерінде талап қоюлармен келіспей, филиалда жұмыс жасауға құқықтары бар және жұмыс жасау үшін барлық растаушы құжаттары бар екендігін, Қызылорда облысының аумағында қалдықтарды кәдеге жарату және өндірістік базаның болуы туралы талаптар Шарттарда көрсетілмегендігін, өндірістік объекті Тараз қаласында орналасқанын және Б, В сыныптарындағы медициналық қалдықтарды арнайы залалсыздандыру қондырғысы бар екендігін, медициналық қалдықтарды бір облыстан екінші облысқа тасымалдауға тыйым салынбағанын көрсеткен.

Талап қоюшылардың өкілдері Б.С.Усенов, А.У.Манасипова, Н.Ж.Кенжебекова талап қоюларында көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюларын қолдап толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Д.Г.Арынов қарсы пікірлерінде көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюлар негізсіз берілгендігін атап, талап қоюларды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Бастапқы сот отырысына қатысқан үшінші тұлға «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері А.У.Аманов, Н.Ж.Тұрғанбаева санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталмауына байланысты жауапкерге қатысты айыппұл рәсімделгендігін атады.

Прокурор Э.А.Пернебек талап қоюлар қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024
4360-24-3-1/1717

орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Іс құжаттарынан және сот отырысындағы тараптар уәждерінен анықталғандай, жауапкер Шарттар күшіне енген күннен бастап бүгінгі күнге дейін міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағандығы өз дәлелін табады.

Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктерде қызмет көрсету тәртібі айқындалған. Яғни қызмет көрсету мерзімі Шарттар жасалған күннен бастап жыл аяғына дейін екендігі және медициналық қалдықтарды шығару тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша (уақытын тапсырыс берушімен келісу), қандай мекенжайлардан алу керектігі туралы нақты көрсетілген.

Шарттардың бұл талаптарын жауапкер де жоққа шығармайды. Себебі, Заңның 38-бабының 4- тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Техникалық ерекшелік талаптарында өнім берушінің нақты қандай әрекеттер жасалу қажеттігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидасының 2-параграфының 86-тармағына сәйкес нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес оңай дезинфекцияланатын, су өткізбейтін жабық шанақпен жабдықталған көлік құралында жүзеге асырылатыны нақтыланған.

Өнім беруші тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 «Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024
4360-24-3-1/1717

құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілген қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көліктік бақылау берген арнайы рұқсаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығына сәйкес 6-сыныпты қауіпті жүктерді тасымалдауға жүргізушіге рұқсатының болуы.

Жауапкер 1,6 және 7-сыныпты қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсатты екі көлікке алғандығы жөнінде және жүргізушілердің қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралы жүргізушісін даярлау туралы құжаттарын сотқа ұсынды.

Сот отырысында жауапкердің өкілі қауіпті қалдықтардың Тараз қаласында орналасқан арнайы залалсыздандыру қондырғысына тасығандығы жөніндегі уәжіне мемлекеттік белгісі 283YBA11 көлігінің GPS құрылғысының 2024 жылдың 1 маусымы мен 17 шілдесі арылығындағы ғана мәліметтерін ұсынды.

Бұл құжаттарға сот сынмен қарайды, себебі бұл жүргізушілердің осы көліктерді басқарып, талап қоюшылардың қауіпті қалдықтарын тасымалдағандығы жөнінде құжаттар орын алмайды.

Сонымен қатар, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен жасалған Шарттың №2-қосымшасында бұл көлік құралы басқа мақсаттар үшін пайдаланылмауы талап етілген.

Дегенмен, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен құжаттарда жоғарыда көрсетілген мемлекеттік белгісі 283YBA11 көлігінде «грузоперевозки на газели» деп хабарландыру нақты көрсетілген.

Экология кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 5-бабының 1 тармағы 3) тармақшасына сәйкес экологиялық қатынастарды құқықтық реттеу сақтық қағидатына негізделеді, яғни қандай да бір қызметтің салдарынан табиғи ортаға және (немесе) оның жекелеген құрамдастарына елеулі және орны толмайтын салдарлары бар экологиялық залал немесе адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіру қатері болған кезде, көрсетілген теріс салдарлардың басталу ықтималдығын негіздеу және жеткілікті түрде дәл бағалау мүмкіндігі ғылыми және техникалық білімнің заманауи деңгейінде болмауына қарамастан, экономикалық орынды шығындар кезінде осындай салдарлардың басталуын болғызбау бойынша тиімді және пропорционалды шаралар қабылдануға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024
4360-24-3-1/1717

Кодекстің 319-бабының 3-тармағына сәйкес үй шаруашылықтарын қоспағанда, қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар тиісті қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген қалдықтарды басқару саласындағы ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасының СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптар» стандартына сәйкес қауіпті медициналық қалдықтардың иесі толық жоюдың тәсілі мен орнын таңдау кезінде, санитарлық-эпидемиологиялық тәуекелдерін болдырмау үшін әкімшілік-аумақтық бөлініс шеңберінде қалдықтардың қалыптасу көзінен жою орнына дейінгі ең аз тасымалдануын қамтамасыз ету қажет.

ҚР СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптар» стандартына сәйкес көрсетуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерге қойылатын жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары– Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №155 бұйрығымен қосымша талаптар белгіленуі мүмкін. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі қызметтерді көрсететін әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілер көрсетілген қызметтерді сатып алу жоспарланып отырған тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағында болуға тиіс.

Одан бөлек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы №ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 181-тармағының 5-тармақшасына сай, «Б» және «В» сыныптары медициналық қалдықтарын жинауға мынадай талаптар қойылады: медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (бұдан әрі - ЖҚКЖК) көлемінің төрттен үш бөлігінен асырылмай толтырылады. ЖҚКЖК толтырылғаннан кейін қақпақпен тығыз жабылады және үш тәуліктен асырмай сақталатын медициналық қалдықтарды сақтауға арналған үй-жайға жіберіледі, ал 190-тармағына сай, тамақ қалдықтарын, «Б» сыныбының залалсыздандырылған медициналық қалдықтарын жиырма төрт сағаттан артық сақтау тоңазытқыштарда және мұздату камераларында жүзеге асырылады, бірақ үш тәуліктен асырмайды.

Дегенмен жауапкер тарапынан бұл талаптардың орындалғаны туралы дәлелдеме құжаттар табысталмады.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024

Сонымен бірге медициналық қалдықтардың жойылғандығын растайтын құжаттар да сотқа тапсырылған жоқ. Сондықтан іс құжаттарынан жауапкердің талап қоюшыға қандай да бір қызмет көрсеткендігі дәлелденбейді. Сәйкесінше, бүгінгі күнге жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамады деген талап қоюшылардың уәждері толығымен өз дәлелін тауып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі.

Сондықтан сот талап қоюшылардың талабы Шарттармен, Шарттардың №1, №2 қосымшаларымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, жауапкердің қауіпті қалдықтарды шығару (жинау) бойынша қызметтерін заңға сәйкес орындамауы халқымыздың өміріне, денсаулығына залал келтіретіндігін ескере отырып, талап қоюшылардың талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 5 538 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшылар «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюлары қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024

Жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 5 538 (бес мың бес жүз отыз сегіз) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 11.11.2024

4360-24-3-1/1717